

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Бәйтерек ауылының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2025 жылғы 13 ақпандағы № VIII-37-170 бірлескен шешімі және Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 71 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 17 ақпанда № 6211-05 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ және Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бәйтерек ауылының шекарасы (шегі) 1736,5962 гектарға өзгертіліп, Бәйтерек ауылының жаңа шекарасының алаңы 2267,0 гектар болып қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының шешімі мен Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігінің қаулысының орындалуын бақылау Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының ауылшаруашылығы, жер қатынастары, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының шешімі және Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігінің қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының төрағасы

Т. Байедилов

Б. Ахметов

Бірлескен Еңбекшіқазақ аудандық
мәслихатының 2025 жылғы 13
ақпандағы № VIII-37-170 шешімі мен
Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі 2025
жылғы 13 ақпандағы № 71 қаулысына
қосымша

Еңбекшіқазақ ауданы Бәйтерек ауылының шекарасына енгізілетін жерлердің экспликациясы

| оның ішінде: | | | | | | |
|--------------|--|--|--|-------------------|--|--|
| | | | өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс | рекше қорғалат | | |

| № | Аудандар мен қалалардың атауы | Жалпы жер ауданы (гектар) | елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық округтердің) жерлері (гектар) | ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер (гектар) | , ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер (гектар) | ын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (гектар) | орман қоры-ның жерлері (гектар) | су қоры-ның жерлері (гектар) | босалқы жерлер (гектар) |
|---|-------------------------------|---------------------------|---|---|---|---|---------------------------------|------------------------------|-------------------------|
| 1 | Барлығы | 2267,0 | 530,4038 | 1736,5962 | - | - | - | - | - |

Схемалық карта

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК